

Сырдария ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 қазандағы N 436 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 02 қарашада N 4332 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2013.01.03 N 1 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы" және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2012 жылдың сәуір – маусымында және қазан - желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 120 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-8-172 санымен тіркелген, 11.04.2012 жылы "Тіршілік тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

Қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.";

Қаулының 1-қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы".

2. "2012 жылдың сәуір–маусымында және қазан - желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 мамырдағы N 189 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-8-177 санымен тіркелген, 16.05.2012 жылы "Тіршілік тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер:

Қаулының 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Сырдария ауданы

әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі N 120 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-8-172 санымен тіркелген, 11.04.2012 жылы "Тіршілік тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: "

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сырдария ауданы әкімінің орынбасары **Е.Әжікеновке** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Әбілтай

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

*Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы
Ішкі істер департаментінің Сырдария аудандық
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
бастығы Бурханов Талгат Темирович*

"29" қазан 2012 ж

" К е л і с і л д і "

*Қызылорда облысының денсаулық сақтау
басқармасының "Сырдария аудандық
емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
бас дәрігері Ерімбет Сексенбай Бұқарбайұлы*

"29" қазан 2012 ж

" К е л і с і л д і "

*"Қызылорда облысы Сырдария
ауданының Қорғаныс істері жөніндегі
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Утжанов Чингис Кубеевич*

"29" қазан 2012 ж